

ГРАФИКА ШЕБЕРІ БАТУХАН БАЙМЕННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
CREATION MASTER ARTS IN GRAPHIC BATUHAN BEIMEN

Қ.Е.ЕРАЛИН*
Ж.Ж.БЕЙСЕНБЕКОВ**

Түйіндемe

Мақалада Батухан Байменнің графикалық шығармаларының мазмұны, көркемдік талдау-әдістері анықталған. Сонымен қатар картина идеясы мен композициясы, композиция тұтастығы мен колориттік қабылдаудың принциптері ұсынылған. «Наурыз», «Кешкі Көкбұлақ», «Қонақ келді», «Астана», «Тұңғиық» картиналарының көркемдік шешімі талданған.

Кілт сөздер: шеберлік, графикалық шеберлік, бағалау критерийлері, бірлік, тұтастық шешім, көркемдік шешім.

Summary

The graphic works of the master Batukhan Baymen is disclosed in this article. It is determined the methods of analyzing of the artistic peculiarities of embroidery trade of Batukhan Baymen and it is suggested the principles of perception, the analyzes of the creative activity of the artist like the unity of ideas of the pictures and compositions, integrity of composition and colour, the theme of the picture and compositions, peculiarities of colouring and the technics of fulfilment. It is analyzed artistic solution of pictures "Nauryz", "Keshki Kokbulak", "Konak keldi", "Astana", "Tunguik".

The key words: trade, graphics, graphic trade, the criterion of estimation, the unity of art, integrity of decision, artistic solution.

Батухан Байменнің шығармашылығы қазақ бейнелеу өнерінде көрнекті орын алатын графикалық туындылардан құралады. Өнер шеберінің шығармашылығы туралы өнертанушы К.Ли, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Б.Өмірбеков, ұстазы профессор Т.Ордабеков, журналист Е.Бояршина бағалы пікірлер айтқан. Олардың пікірлері суретшіге деген өз сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласын, талант құдіретіне бағытталған ақ ниетін білдіреді [1].

*

педагогика ғылымдарының докторы, профессор. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Professor, Doctor of pedagogy. International Kazak-Turkish university named H.A.Yassavi.

Turkistan. Kazakhstan. E-mail: kuandikbei@mail.ru

**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Kandidat pedagogy. International Kazak-Turkish university named H.A.Yassavi. Turkistan.

Kazakhstan. E-mail: zhalgas-67@mail.ru

Шымкент пен Түркістан қалаларының ұлттық заманауи келбетін қалыптастырып, өзіндік көркемдік тұжырымдамасын анықтауға, дара келбеттік даму жобасын жасауға көп еңбек сіңірген қайраткер Батухан Байменнің шығармашылығын талдау барысы оның суреткерлік шеберлік деңгейін көрсететін картиналарын, тақырып бойынша, орындау стилі бойынша, графика техникасы бойынша үш бағытқа бөліп жіктеуге болатындығын көрсетті. Графика шеберінің картиналары тақырып бойынша сараптауда туған жер, жастық шақ, сезім ұшқындары, ауыл өмірі, ақын мен жазушылар шығармаларын көркем безендіру бағыттарын қамтиды. Өнер шеберінің графика стилін талдауда, туындыларын орындау техникасы бойынша қарастырғанда тақырып таңдауы, түстерді үйлесімді шешуі, линогравюра, ксилография, офорт, эстамп техникаларын еркін меңгергендігін атап айту орынды. Шығармаларының көркемдік ерекшеліктері мен шеберлік деңгейін талдауда негізгі өлшем бірлігі ретінде шығарманың идеялық мазмұнын табу, композициялық шешімдерін анықтау, түстер үндестігі, орындау техникасы деп шеберлік деңгейлері бойынша төрт бағытқа жіктеуге болатындығы анықталды.

Өнер шебері Батухан Байменнің шығармаларының тұрғылықты тақырыбы – қазақ елінің өткені, бүгінгі мен болашағы. Суретшінің «Ауылым – алтын бесігім» атты топтамасы «Кешкі Көкбұлақ», «Басталар күннің шуағы», «Қонақ келді», «Еске алатын күн», «Қуанышты түс», «Бұлақ», «Ерте көктем», «Мереке бастауы», «Оралу», «Қағаз ұшақ» графикаларында ауыл өмірі, табиғат, салт-дәстүр және жастық шақ өмірінен алынған шағын сахналы көріністерді композиция талабына сай шеберлікпен үйлестіре білген.

Графика шебері шығармасының идеялық мазмұнын ұтымды табуы - «Түркілер» топтамасына кіретін «Ашина», «Аттила» графикаларынан айқын байқалады. Тарихи деректерде Аттила – 400-453 жылдары өмір сүрген, 434-453 жылдардағы ғұндардың көсемі. Суретшінің түркілер тақырыбына бару себебі осы тарихи ақпараттармен байланысты. Түркілер бөріні пір тұтқан және олар ғұндардың ұрпағы болып табылады. Қытайлар Ашина ханның қол астындағыларды «Ту-кю» деп атаған. «Ашина» - қасқыр, бөрі деген сөз. Ғалымдар «Ашина» - «түркі ханы», «бөрі» ұғымымен мағыналас деп есептейді. Көне түркілік түсінікте «Ел» кең ауқымда, ұлыс, мемлекет, өлке, халық деген мағыналарда қолданылған. Мәңгілік сипатын Тәңіріден алған түріктер өздерін көк түріктер, яғни дәлірек айтқанда көктен, Тәңірден тараған, аспан сипатты, Тәңір тұрпатты

түріктер деп атаған. Көк түсті олар киелі деп санаған, көктің әміріне ғана бойұсынған. Түрік әлемі Шығыс пен батыстың, түстік пен теріскейдің арасын жалғаған «Ұлы Жібек жолы» арқылы әлемдік сауданың күре тамырына айналған. Қазіргі Қазақстан жерінде құрылған Қимақ, Қарлұқ және Оғыз елдері мемлекеттік құрылымы жағынан Көк түрік қағандығының жалғасы ретінде Алтайдан Атырауға дейінгі жерлерде қоныстанған [2]. Суретшінің «Түркілер» топтамасының «Ашина» атты линогравюра шығармасының өзіндік тарихи ерекшелігі бар туынды. Өнер шебері композициялық орталықта стилдеу әдісімен Ашина патшаның бейнесін көк бөріге теңеу арқылы берген. Оның айналасында Ашинаның нөкерлерінің жан-жаққа енді ғана тарап бара жатқан қозғалыстағы қалыптарында көрсетілген. Бұл көрініс арқылы түркі халықтарының осылай қара шаңырақтан жан-жаққа енші алып тарағандығын меңзеген. Картина композициясында Аттила бейнесін айналдыра орналастырылған аңдар мен жан-жануарлардың, жартастағы таңба түріндегі бейнелеу әдістерімен көрерменге ұсынуы арқылы суретші сахналық шағын көріністердің ерте замандағы оқиға екендігін түспалдайды.

Түркілер топтамасының екінші бөлімі – «Аттила» атты линогравюра техникасында орындалған шығарма. Туындының нақты композициялық орталығында табиғи өлшемдер қатынастарынан әлде қайда өзгертіліп, форма сипатын сақтай отырып, өлшемі созылып берілген жабулы аттың бейнесін көреміз. Жауынгер халықтың қанаты болған ат көрінісінің созылықы болып берілуі шағын кеме пішінін елестетеді. Сол созылықы болып көрсетілген аттың үстіне он адам мінгескен. Олардың ең алдында отырғаны Аттила бейнесі екендігін аңғаруға болады. Суретті алғаш көргенде бабалардың «бірлік болмай тірлік болмайды», «кемедегінің жаны бір» деген нақыл сөздері еске түседі. Барлығының қолында көтерген ту. Суретшінің мұндай көріністерді берумен, өмір шындығынан тыс бірліктермен теңеулерге баруы, картина композициясын тартымды ете түсіп, шығарма идеясын мольнан ашуға ұмтылысын аңғартады. Ал суретшінің көтерген идеясы адамдар арасындағы бірлік, теңдік, сыйластық сияқты биік рухты қарым-қатынас өлшемдерінің ғасырдан ғасырға жеткен өміршеңдігін көрсету болған.

Өнер шеберінің жасаған графикаларының композициялық шешімдерін табу әдістерін анықтауда «Аң стилі» атты түрлі-түсті линогравюрасына тоқталудың орны бөлек. Ол шығармашылық ойын іс жүзіне асыруда форматтың көркемдік бейнелеушілік мүмкіндіктерін

ашуға ұмтылыс жасаған. Аң стилі сақ заманы тайпаларының қол өнерінде ерекше орын алған бейнелеу әдістерінің көне түрі. Оның негізгі тақырыптары аңдарды, хайуандарды және аңыздағы ғажайыптарды бейнелеу болған. Бұл әдіс ерте кезде тұрмыста қолданатын қазандық, құрбандық ыдыстарын, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, секілді жаугершілік заттарын, батырлық киімдерін, ел көтерген тулардың сабын безендіруге қолданған. Картинаның негізгі көркемдік идеясы осы аталған көне дүниелердің көркемдік сырын ашып, оларды келер ұрпақпен рухани сабақтастыру.

Суретші түрлі-түсті графика шеберлігін еркін меңгеріп, түстердің қасиеттерін туынды идеясын ашу кезінде ұтымды қолдана білген. Өнер шеберінің түрлі-түсті туындыларындағы бояулар үндестігін анықтауда «Қызыл планета», «Аң стилі», «Ақ кеме» топтамаларының әсерлі графикалық колориттік шешімін атап өту орынды. «Ақ кеме», «Тұңғиық» картиналары салқын түстер үндестігіне біріктірілсе, ал «Аң стилі», «Қызыл планета» туындылары жылы түстерден құрамдалған.

Өнер шеберінің шығармаларының орындау шеберлігінің тағы бір деңгейін жазушы Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» романы бойынша орындаған линогравюрасынан аңғаруға болады. Б. Баймен бұл туындыда линелеум ою техникасын шебер меңгерумен қатар, шығарма арқауын ұтымды табудың жоғары іскерлік деңгейін көрсеткен. Ол үш үйден тұратын шағын ауылдың өмір тынысын шынайылықпен бейнелеуді мақсат тұтқан. Картинада сол ауыл баласының іштей толғанысы, қайғысы, зарығуы, сағынуы және іс әрекеті, қордаланып, онан әрі өріс тапқан. Оның рухани болмысы шынайы көріністер арқылы бейнеленген. Баланың ішкі жан дүниесінен туған қиял сюжеті алғы тұрғыға шығып, шығарма арқауына айналған. Графикалық шығарманың композициялық орталығындағы бұғы-ана бейнесі ұлттық салт-дәстүрге адалдықтың символы ретінде алынған. Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» романы бойынша орындаған линогравюра суреткердің көркемдік ерекшеліктері жоғары туындыларының қатарынан орын алады.

Графика шебері әрқашан қоғамдық өзгеріске өз шығармалары арқылы үн қосады. «Желтоқсан» топтамасы осы пікірімізді нақтылай түседі. Б.Баймен дүниенің қарапайым құбылыстарын әлемдік құрылым заңдылықтарымен астасып жатқан мән аясында таниды. «Қуанышты түс», «Бұлақ», «Ерте көктем» шығармалары күрделі композициялық көріністер үйлесімділігімен ерекше назар аударатын туындылар.

Сонымен қатар «Мереке бастауы», «Толғаныс», «Оралу», «Аң стилі» туындылары графика шеберінің сезімтал шығармашыл тұлға ретінде Ұлы даланың өмірлік драмалық жақтарын көрсетеді.

Өзіндік ерекшелігі бар қазақ халқының бай фольклоры мен тарихы суретшінің тұрақты тақырыбына айналған. «Ауылым – алтын бесігім» атты топтамасында график суретші шексіз ғаламның ауыл деп аталатын бір нүктесінде қайнап жатқан тіршілік аясындағы адам көрінісін алдыңғы планға алып, оның толассыз өмір-өзен ағыны құшағында шыр көбелек айналуын ұтымды көрсеткен.

Шебердің «Тайшарық» топтамасы, терең философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Картинаға зер салғанда «адамның адамға күш көрсетуінің апарып соғар ауыр зардаптары, обал сауаптан сескенбеу дағдысының күшейіп барып, өмір сүру ғұрпын бұзуы сынды әлімсақтан бергі нұрлы дүниеге бұлт үйірген бақытсыздықтар адамдармен қатар жануарларды да айналып өтпеген сияқты» деген ой туындайды. Осындай ой топшылауға жетелейтін, күнделікті өмірдегі сан алуан сұрақтар мен тағдырлар тоғысы бейнеленген көріністерді суретші Б.Байменнің әрбір шығармасынан көруге болады.

Графика шебері шығармадағы композициялық орталықтағы басты тұлғалық іс-әрекетін, тіршілік болмысын, өмірдің қым-қуыт оқиғаларын және бағзы заманнан қалыптасқан салт-дәстүрді жүрек сүзгісінен өткізіп, қиял қанатына мінгізеді. «Атама арналған күн» топтамасы «Ерте көктем», «Мерекенің басталуы» көріністерін біріктіреді. Бұл шығармаларда қарапайым адамдар өмірі табиғат әсемдігімен, мереке көріністерімен бірлікте суреттелген. Болмыстың шынайы көріністері, рухани құндылықтар адамды қоршаған ортада болатынын суретші осы картиналарда сәтті бере білген.

Суретшінің бірқатар шығармалары ақын-жазушылардың туындыларының мазмұнына арналған иллюстрациялардан құрамдалады. «Наурыз», «Жаз» атты бөлімдерден тұратын «Абай өлеңдері» топтамасы жыл мезгілдерінің әсем көріністерін сипаттайды. Ақ контур сызықты бейнелі қара силзует пен үйлесімді сәндік стилде көріністер сұлулығын береді. Қазақ халқының Ұлы ақынының поэтикалық шығармаларының мотивімен сюжеттік байланысты топтамалар даланың кіші сахналық көріністерінен жинақталатын композициялық шешім үлгісін көрсетеді.

Шыңғыс Айтматовтың «Жанпида» романы бойынша топтамасы «Авдий», «Бостон», «Обер», «Аққұртқа», «Тасшайыр» атты бес картинадан құралады. «Тасшайыр» графикасында шығарма идеясы

өзі өмір сүретін жер бетінде адамның атом бомбасын жаруын, оның табиғатқа тигізген зиянын әлемге паш ету - туынды арқауы етіп алынған. Картинада түйсігі бөлек тағы аңның тербелген тіршіліктің тыныштығы шайқалғанынан секем алып, сергелдеңге түскен сәті шығармада шынайы штрихтармен көрсетілген. Суретші ұлы жазушының табиғатты аялау ойын дәл сезіп оны терең түсініп графика тілімен көркемдік шеберлік деңгейінде бейнелей білген. Адам мен оның мекені Жер - ана суретші ойының тереңдік өлшемі ретінде алынған. Ал бейнелік материалды нәзіктікпен, даралықпен үйлестіре білу, суретшінің шеберлік құпиясын аша түскен.

Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы бойынша топтамасы «Қазанғап», «Найман ана», «Раймалы аға» атты бөлімдерді қамтыған. Бұл аталған графикалар Сарөзектегі Боранды бекетінде қырық жыл еңбек еткен «Қазанғап» өмірімен байланысты. Келесі картина кейіпкері болып табылатын Найман ана, жуандардың қолына түсіп, мәңгүрт болған ұлын құтқаруға барын салған, көрмеген азабы қалмаған ана келбетін танытады. Сонымен қатар ақын Раймалы ағаның замандасы болған ақын қызға арнаған жыр «Раймалы аға» атты картина арқауы болған.

Б.Бәйменнің алғашқы шығармашылық бастау кезіндегі еңбектері «Кешкі Көкбұлақ», «Басталар күннің шуағы», «Қонақ келді», «Еске алатын күн» гравюралары көрерменді аңыздар мен әпсаналарды елестетеді. Картина желісі өткенді ойға оралтып, суреткердің адам өмірінің маңызды қарым-қатынастар мәнін графика тілінде көрерменге жеткізу сырын түсінуге жетелейді.

«Толғаныс», «Қыз», «Жігіт», «Жылқы», «Бұлақ», «Бақыт туралы әңгіме», «Астана» топтамалары суретші шеберлігінің жоғары деңгейін білдіретін – ой түйіндерінің қанықтығы, өмір көріністерінің тіршіліктігі, үнемі шығармашылық ізденіспен алға ұмтылысы, оның барлық шығармашылық кезеңдеріне тән құбылыс екенін көрсетеді [3].

Қорытындылай айтқанда, Б.Байменнің график ретінде кең көлемде танымалы болуына шеберліктің терең құпиясына үнемі үңілуі мен өзінің әлемтануының терең болуы кең жол ашқан. Қазақстан бейнелеу өнерінің графика саласының дамуына үлес қосқан суреткер ретінде оның туындыларында жалпы адамзаттың және ұлттық дәстүрдің бірлігі айшықты көрініс тапқан. Оның шығармашылық еңбектерінің ерекшелігі идеялық мазмұнының ұлттық салт-дәстүрлер құндылықтарына бағытталып, халықтың рухани мәдениетін көтеру мүмкіндігінің болуымен, композициясының ұлттық сахна көріністері

Қ.Е.Ералин, Ж.Ж.Бейсенбеков. Графика шебері Батухан Байменнің...

мен өмірлік құбылыстарды символдық бейнелеуге негізделуімен көрініс табады. Бейне формалары халықтық көріністерден бастау алуымен, орындау шеберлігі ежелгі дәстүрлі жартастағы бейнелеу бағытын ұстануымен, оларды заманауи технологияны қолданумен сабақтастырып, жаңашылдық жолмен жүру арқылы көркемдік ерекшелікке жету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ордабеков Т., Баймен Б., *Ұстаз бен шәкірт*. Альбом, - Алматы, «Өнер» , 2008. -144 бет, суретті.
2. Дархан Қ. *Ұлы даланың ұлы мұраты* // Егемен Қазақстан, № 225, 24 қараша, Астана, 2015, -3 бет.
3. *Б.Байменнің көрмесінің Түркістан қаласында ашылуы*. Отырар телеарнасы хабары. Шымкент. 05.12.2015.